# СӘН ТЕХНОЛОГИЯСЫ

## БАЙҚАУ ЕРЕЖЕСІ ТУРАЛЫ

**Астана қ., 2024ж**

«КЕЛІСІЛДІ»
Бас сарапшы
____________ Клышпаева Н.К.
«______» ____________ 2024 ж.

«БЕКІТЕМІН»
Астана қаласы Білім
Басқармасының басшысы
______________ Сенгазыев К.С.
«______» ____________ 2024 ж.

**«Сән технологиясы» құзыреттілігі бойынша WorldSkills Astana 2024ж. аймақтық чемпионатын өткізу туралы 16- 22 жасқа дейінгі техникалық және кәсіптік білім беру колледждерінің студенттеріне арналған**
**ЕРЕЖЕ**

## I. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. Worldskills Astana – «Сән технологиясы» аймақтық чемпионатын Білім басқармасы Астана Ютария LTD базасында өткізеді.
1.2. WorldSkills Астана аймақтық «Сән технологиясы» чемпионатының ұйымдастырушылары «Менеджмент, бизнес және білім колледжі» ЖШС-і болып табылады.
1.3 Worldskills Astana «Сән технологиясы» құзыреттілігі бойынша аймақтық чемпионатта сапаны бағалай отырып, нақты тапсырмаларды орындауды көздейтін күндізгі жарыс болып табылады.
1.4. Worldskills Astana «Сән технологиясы» аймақтық чемпионаты Астана қаласы колледждерінің студенттері арасында 07230100 «Тігін өндірісі және киімдерді үлгілеу» мамандығы бойынша өткізіледі.

## II. АЙМАҚТЫҚ ЧЕМПИОНАТТЫҢ МАҚСАТТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

2.1. Болашақ мамандардың құзыреттілігін дамыту, жеңіл өнеркәсіп саласындағы қызметкерлердің практикалық дағдыларын арттыруға және жоғары деңгейдегі шеберліктерін дәріптеуге жәрдемдесу.
2.2 «Сән технологиясы» құзыреттілігі бойынша WorldSkills Astana қалалық чемпионаты Астана қаласының жастары арасында жеңіл өнеркәсіп саласындағы жұмысшы кәсіптерінің беделін арттыру мақсатында студенттер арасында өткізу.
2.3 Кадрларды даярлау, олардың біліктілігі мен бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін жағдай жасауға жұмыс берушілердің қызығушылығын тарту.
2.4 Республикалық байқауға қатысу үшін кандидаттарды анықтау.
2.5 Жұмыс берушілерді өзара ынтымақтастыққа тарту.
2.6. Киімді модельдеу саласында техникалық және кәсіптік білім беру колледждері студенттерінің кәсіби өсуін ынталандыру.
2.7 Ұлттық чемпионатқа және мүмкін WorldSkills халықаралық жарыстарына одан әрі қатысу үшін талантты қатысушыларды анықтау.
2.8 WorldSkills қозғалысын Астана қаласының студенттері мен жұртшылығы арасында танымал ету, кәсіптік білім беру мен өнеркәсіпті дамытуға ықпал ету.

## III. ӨТКІЗУ ОРНЫ МЕН МЕРЗІМІ

3.1. Worldskills Astana «Сән технологиясы» аймақтық чемпионаты 2024 жылдың 21.05 – 24.05. аралығында сағат 9.00 – 18..00 дейін .Астана Ютария LTD, Акжол даңғылы 101 мекен-жайы бойынша өткізіледі.
3.2. Өтінімдерді (№1 қосымша) бойынша 2024 жылғы 10 наурызға дейін Астана қаласы әкімдігінің ШЖҚ МКК «Техникалық колледжі» электрондық поштасына **wsk2021nursultan@mail.ru** қабылдайды.

## IV. АЙМАҚТЫҚ ЧЕМПИОНАТТЫҢ ҚАТЫСУШЫЛАРЫ

4.1. WorldSkills Astana «Сән технологиясы» өңірлік чемпионатына 16 жастан 22 жасқа дейінгі Астана қаласының колледждерінен 1 қатысушыдан қатысады.

## V. АЙМАҚТЫҚ ЧЕМПИОНАТҚА ҚАТЫСУШЫЛАРҒА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

5.1. Қатысушылар тапсырмаларды тең шарттарда орындайды, оған инфрақұрылымда мәлімделген бірдей жабдықтар мен материалдар кіреді. Оны бірдей уақыт ішінде пайдаланады, сондай-ақ конкурс басталар алдында сарапшылардың дауыс беруі арқылы тапсырманы 30% өзгертуге болады.

### 5.2. ЖОБА СИПАТТАМАСЫ ЖӘНЕ МІНДЕТТЕРІ

Жоба эскиздің бастапқы кезеңінен бастап аяқталған кезеңіне дейін киім тігу. Қатысушылардың негізгі міндеті жобаның барлық модульдерін орындау және оларды жарысты аяқтау үшін бірыңғай жобаға біріктіру. Қатысушылар осы жоба шеңберінде инфрақұрылымдық парақта көрсетілген барлық берілген материалдарды пайдалануға міндетті. Әрбір модуль тапсырмасын сарапшылар орындаудың барлық аспектілері бойынша бағалайды. Байқау бірнеше модульдерге бөлінген, қатысушылар үш күн ішінде өз шеберліктерін көрсете алатындай етіп ұйымдастырылған. Әрбір модуль тек тәжірибелік жұмыстан тұрады және талдау жоспарларын қамтуы мүмкін. Теориялық білім тек тәжірибелік жұмысты орындау үшін қажет нәрсемен шектеледі, мысалы, өнім бөлшектерін өңдеу технологияларын білу, оларды қолдану, парақтарды немесе сызбалар мен эскиздерді талдау.

### 5.3 ҚАТЫСУШЫНЫ ТАПСЫРМАНЫ ОРЫНДАУҒА ДАЙЫНДАУ

Конкурс басталар алдында қатысушылар маманның қатысуымен жабдықтармен танысуға мүмкіндік алады. Олар сондай-ақ таңдалған жеребе арқылы анықталатын жұмыс орнымен таныса алады. Сонымен қатар, конкурс басталар алдында қатысушылар жұмыс орнымен, сондай-ақ қауіпсіздік техникасы ережелерімен танысады. Әрбір қатысушыда қауіпсіздік ережелеріне сәйкес тиісті киім, соның ішінде жабық аяқ киімі болуы керек.
5.4. Чемпионаттың барлық қатысушыларында туған күнін жылын тексеру үшін жеке куәлігі (төлқұжаты) болуы керек.
5.5. Барлық қатысушылар мен сарапшылар тіркеуден өтеді (тіркеу кезінде бейдж алады)

## VI. WORLDSKILLS ASTANA «СӘН ТЕХНОЛОГИЯСЫ» АЙМАҚТЫҚ ЧЕМПИОНАТЫН ӨТКІЗУ ШАРТТАРЫ ЖӘНЕ ЖҰМЫСТАРДЫ БАҒАЛАУ КРИТЕРИЙЛЕРІ

6.1. Worldskills Astana «Сән технологиясы» аймақтық чемпионаты 14,5 сағаттық тәжірибелік тапсырманы орындауды қамтиды. Чемпионат тапсырмаларын бағалаудың негізгі критерийлері: еңбекті қорғау талаптарын сақтаған және белгіленген уақыт нормасында тәжірибелік тапсырманы сапалы орындаған кезде (100 балл) болып табылады.
6.2 Чемпионатқа арналған тапсырма 3 аяқталған модульден тұрады.

## «СӘН ТЕХНОЛОГИЯСЫ» ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІ БОЙЫНША WORLDSKILLS ASTANA ҚАЛАЛЫҚ ЧЕМПИОНАТЫНЫҢ ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫН ШЫҒАРУ ЖӘНЕ ЖЕҢІМПАЗДАРЫН МАРАПАТТАУ

7.1. Чемпионаттың қорытындысы CIS ХАТТАМАСЫ және оған негізделген сарапшылар хаттамасы негізінде айқындалады.
7.2. Сарапшылар орындалатын байқау тапсырмаларының қорытынды көрсеткіштерін чемпионаттың ұйымдастыру комитеті бекіткен әзірленген бағалау критерийлеріне сәйкес айқындайды.

7.3. Жиынтық хаттаманың шешімі бойынша «Сән технологиясы» құзыреті бойынша «WorldSkills Astana - 2024» қалалық чемпионатының жеңімпаздары (1, 2 және 3 орын) анықталады.

7.4. Номинациялар бойынша марапаттау қарастырылған:

- бірінші орын-алтын жүлдегер;
- екінші орын - күміс жүлдегер;
- үшінші орын-қола жүлдегер.

Медаль немесе ерекше марапат алмаған кез келген қатысушы WorldSkills Astana 2024 қалалық Чемпионатына қатысқаны туралы Сертификат алады

## КОНКУРСАНТТЫҢ ТУЛБОКСЫНДАҒЫ МАТЕРИАЛДАР, ЖАБДЫҚТАР МЕН ҚҰРАЛДАР

| № п.п | Атауы | Фото | Техникалық сипаттама | саны |
|---|---|---|---|---|
| 1 | Қақпағы бар орташа пластикалық қорап |  | - | 1 дана |
| 2 | Тігінші қайшы |  | №11 | 1 дана |
| 3 | Кеңсе қайшылары |  | | 1 дана |
| 4 | Жіптерді кесуге арналған қайшы Сниппер |  | | 1 дана |
| 5 | Үлгілер (балық, бөшкелер, қылыш, тамшы және т. б.) |  | Үлгілер басқа пішінді болуы мүмкін, бірақ салу және кесу кезінде қажетті функцияларды орындайды.) | 1 дана (жинақ) |
| 6 | Металл сызғыш |  | Ұзындығы 50 см | 1 дана |
| 7 | Оймақ |  | Мөлшері бойынша | 1 дана |
| 8 | Қол жұмыстарына арналған инелер (жинақта) |  | Номері және ұзындығы әр түрлі | 1 дана |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 9 | Тігінші түйреуіштері (соңында моншақтары жоқ) |  | Тұтас металлды бір өзекті түйреуіш *l=30 мм, d = 0,6 мм* | 50 дана аз емес |
| 10 | Ине түйреуіш |  | | 1 дана |
| 11 | Тігінші боры (ақ немесе түсті ) |  | | 5 дана |
| 12 | Сантиметрлік таспа |  | Ұзындығы 150см | 1 дана |
| 13 | Карандаштар |  | ТМ | 3 дана |
| 14 | Ұштағыш |   | Қоқыс жинағыш контейнері бар | 1 дана |
| 15 | Өшіргіш |   | | 1 дана |
| 16 | Линер қара сиялы қалам |  | Кез-келген Фирма Сызық жуандығы 0.4 мм | 2 дана |
| 17 | Малярлық скотч |  | Ені 2 см | 1 орам |
| 18 | Клей-карандаш |   | | 1 дана |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 19 | Тігін машинасына арналған бір жақты табан (сол жақ) |  | | 1 дана |
| 20 | Тігін машинасына арналған бір жақты табан (оң жақ) |  | | 1 дана |
| 21 | Бұрағыш |  | | 1 дана |
| 22 | Кесуге арналған салмақтар |  | Саны шектелмеген, пішіні әртүрлі болуы мүмкін | 1 дана |
| 23 | Кесуге арналған қысқыштар |  | | 1 дана |
| 24 | Қазықша |  | Бұрыштарды түзету үшін қолданылады, кез келген пішінді | 1 дана |
| 25 | Қағаз (орам) |  | Үлгілерді модельдеу үшін | 1 дана |

**КОНКУРСТЫҚ АЛАҢДА ҚОЛДАНУҒА ТЫЙЫМ САЛЫНҒАН МАТЕРИАЛДАР, ЖАБДЫҚТАР ЖӘНЕ ҚҰРАЛДАР.**

Қатысушыларға тең жағдайлар жасау үшін конкурстық алаңда ұйымдастырушылар бермеген шаблондар материалдар, фурнитура, үлгіге арналған қағаз, әдебиет (конспект) телефон қолдануға тыйым салынады.

**КОНКУРСТЫҚ АЛАҢДА ТЫЙЫМ САЛЫНҒАН МАТЕРИАЛДАР ЖАБДЫҚТАР МЕН ҚҰРАЛДАР**

Қатысушыларға конкурстық алаңда: ұйымдастырушылар бермеген материалдарды, фурнитураны, кесуге арналған қағазды, әдебиетті (конспект), телефонды пайдалануға тыйым салынады.

**Қосымша№1**

**Үлгі бойынша 2024 жылғы 10 наурызға дейін «Сән технологиясы» құзыреттілігі бойынша чемпионатқа қатысу үшін өтінімдер қабылданады**

**Аймақтық чемпионат WorldSkills Astana 2024ж**
**«Сән технологиясы» құзыреттілігі бойынша қатысушылар мен сарапшылар тізімі**

| № р/с | Аты-жөні,тегі. Туған жылы,айы | Қатысушының мекемесі | Жұмыс орны, лауазымы/ оқу орны | Электрондық поштасы және телефон номері | Басшы |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | |

**Қосымша №2**

**« Сән технологиясы» құзыреті бойынша WorldSkills Astana 2024ж .**
**қалалық чемпионаты**
**Қатысушылардың жұмыс орнында еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы бойынша нұсқама беру хаттамасы**

| №п/п | Қатысушы/ сарапшының аты-жөні,тегі. | Нұсқама берілген қатысушының / сарапшының қолы | Нұсқаушы техникалық сарапшының аты-жөні,тегі. | Нұсқаушының қолы |
|---|---|---|---|---|
| | | | | |